КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 мамыр № 4360-24-00-2/494 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
сот отырысының хатшылығында Г.Таженованың отыруымен, ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Вессервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілдері С.Еспенбетова, А.Купжасарова, А.Куттымуратов
жауапкер О.Бакирханов пен оның өкілі К.Оспанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 28 желтоқсанда тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №160440007161/240361/00 шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағы мен шарттың №1,2 қосымшаларына сәйкес жауапкер «Қарды жинау (жою) бойынша» жұмыстарды шарт талабына сәйкес 2024 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін жасауға міндеттенген.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа жазбаша пікір жолдап, онда талаппен келіспей жауапкер тарапынан жасалған актіні назарға алмауды, өздерінің әрекетінен талап қоюшыға жағымсыз салдар туындамағандығын, бірден мемлекеттік

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танумен сотқа жүгінбес бұрын жауапкерге хаттармен өз уәждерін жолдамағандығын, талап қоюшының талабы заңнама талаптарына сай келмейтіндігін көрсетіп, талап қоюды толығымен қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Талап қоюшы өкілдері сот отырысында талап қоюдағы уәждерін қуаттап, жауапкер бүгінгі күнге міндеттемелерін мүлде орындамағандығын, талап қоюшыға қарасты арнайы халыққа қызмет көрсету орталығында автокөлік жүргізу куәлігін алу үшін көлік жүргізу бойынша тест тапсыру орыны дер кезінде қардан тазаланбауына байланысты халық арасында наразылық туындап, басшылар тарапынан ескертулер болғандығын, жауапкердің әрекетінен (әрекетсіздігінен) талап қоюшыға жағымсыз салдарлар туындағандығын көрсетіп, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, талап қоюшы өз міндеттемелерін орындағандығын, алайда талап қоюшы атқарылған жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тартқандығын көрсетіп, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының (ары қарай-Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Іс құжаттарынан және сот отырысындағы тараптар уәждерінен анықталғандай, жауапкер Шарт күшіне енген күннен бастап бүгінгі күнге дейін міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамағандығы өз дәлелін табады. Ал жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны туралы дәлелдемелерді сот ұсынбады.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте жұмыс жасау тәртібі айқындалған. Яғни жұмыс атқару мерзімі 2024 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін екендігі және мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету бөлімінің 13 000 шаршы метр

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 21.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.07.2024, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

аумағын құрайтын автодромды қар және мұздан тазалау (тазалау,жинау,тиеу,шығару) жұмыстарын, жұмысты орындау мекенжайы, мұз қабыршықтарын тазалау үшін қажетті құралдардың болуы, қарды тазалауға және тиеп шығаруға арнайы техниканың болуы, демалыс,мейрам және тәуліктің кез келген уақытына қарамастан, қар жауған мезгілде тез арада әрекет ету, қысқы уақыт аралығында қар тазалайтын көліктің ғимарат ауласында болуы керектігі туралы нақты көрсетілген.

Шарттың бұл талаптарын жауапкер де жоққа шығармайды. Себебі, Заңның 38-бабының 4- тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Дегенмен жауапкер тарапынан бұл талаптардың орындалғаны туралы дәлелдеме құжаттар табысталмады. Керісінше талап қоюшы тарапынан 2024 жылдың 30 қаңтарындағы автоматтардырылған электронды алаң дайын болмағандығы туралы акт сотқа табысталды. Бұл актіні жоққа шығару туралы жауапкердің уәжін сот негізсіз деп санайды. Себебі, 2024 жылдың 30 қаңтар күні шарт бойынша міндеттемелерінің орындалғаны туралы мәліметтерді жауапкер сотқа ұсынған жоқ. Одан бөлек, бұл факті талап қоюшының қызметкерлерінің қызметтік жазбасымен бекітіледі.

Сондықтан сот талап қоюшының талабы шартпен, шарттың №1, №2 қосымшаларымен, актілермен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жауапкер «Вессервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 21.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.07.2024, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Вессервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Вессервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 21.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.07.2024, судья Елшібеков Б. Е., 26.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство